
























## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2022 жылғы қазан

2022 жылғы қазанда жылдық инфляция 18,8%-ды (қыркүйекте – 17,7%) құрады. Азық-түліктауарларының бағасы бір жылда 23,1%-ға (қыркүйекте – 22,2%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы – 17,9%-ға (қыркүйекте – 17,0%), ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы – 13,5%-ға (қыркүйекте – 12,3%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 19 өңірде жеделдеді, ал 1 өңірде (Ұлытау облысы) бұрынғы мәнін 19,6% деңгейінде сақтай отырып, өзгерген жоқ. Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды. Жылдық инфляцияның ең көп мәні Маңғыстау облысында (22,7%), Астана қаласында (21,8%) және Ақмола облысында (19,9%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2021 қазан – 2022 қазан), %-бен

Маңғыстау	9,9  22,7	Шымкент қ.	8,6  18,5
Астана қ.	8,6  21,8	Қостанай	8,6  18,5
Ақмола	9,0  19,9	Ақтөбе	9,2  18,4
Ұлытау	 19,6	Жетісу	 18,4
Абай	 19,5	Батыс Қазақстан	8,6  18,4
Қарағанды	9,6  19,4	Қызылорда	8,8  18,3
Шығыс Қазақстан	8,8  19,0	Павлодар	8,7  18,1
Алматы қ.	8,8  18,8	Атырау	9,2  17,7
Қазақстан Республикасы	8,9  18,8	Түркістан	9,6  17,7
Солтүстік Қазақстан	8,7  18,6	Алматы	8,5  16,9
		Жамбыл	9,0  16,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден жоғары (23,1% ж/ж) Маңғыстау (30,8%), Ақтөбе (25,3%), Ақмола облыстарында және Шымкент қаласында (24,4%-дан), Жетісу (23,8%), Абай (23,4%), Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында (23,2%-дан) қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы ел бойынша бағадан (17,9% ж/ж) жоғары Астана (28,7%) қаласында, Шығыс Қазақстан (19,7%), Ұлытау (19,5%), Абай (19,2%), Ақмола (19,0%), Қызылорда (18,8%), Маңғыстау (18,2%) және Қарағанды (18,1%) облыстарында өсті.

Елде **ақылы қызмет көрсету** бағасы 13,5%-ға ж/ж өсті, бұл ретте өсу жалпы республикалық деңгейден жоғары Алматы (17,5%) қаласында, Ұлытау (15,7%), Қарағанды және Маңғыстау (15,6%-дан), Абай (14,4%), Ақмола (14,3%), Батыс Қазақстан (14,2%) және Қостанай (14,0%) облыстарында қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>23,1</b>	<b>17,9</b>	<b>13,5</b>
Ақмола	24,4	19,0	14,3
Ақтөбе	25,3	17,3	9,7
Алматы	21,9	15,1	11,6
Атырау	22,3	17,8	11,0
Батыс Қазақстан	22,1	17,3	14,2
Жамбыл	22,5	16,0	9,8
Қарағанды	23,2	18,1	15,6
Қостанай	22,8	17,1	14,0
Қызылорда	22,8	18,8	11,4
Маңғыстау	30,8	18,2	15,6
Павлодар	22,8	17,4	12,2
Солтүстік Қазақстан	23,2	17,5	13,2
Түркістан	22,2	17,7	11,4
Шығыс Қазақстан	22,5	19,7	13,2
Астана қ.	22,7	28,7	13,2
Алматы қ.	22,2	15,3	17,5
Шымкент қ.	24,4	16,6	11,9
Абай	23,4	19,2	14,4
Жетісу	23,8	17,2	11,9
Ұлытау	22,4	19,5	15,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы қазанда елде айлық инфляция **1,6%-ды** құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жылдардағы) қазан инфляциясының орташа мәнінен едәуір жоғары. Барлық өңірлерде баға 2022 жылғы қазанда орташа тарихи нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның көп мәні Шымкент қаласында (2,3%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы қазандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы қазанның орташа мәні	2022 жылғы қазан	Өңірлер	5 жылдағы қазанның орташа мәні	2022 жылғы қазан
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>0,7</b>	<b>1,6</b>	Солтүстік Қазақстан	0,7	1,4
Шымкент қ. <sup>1</sup>	0,6	2,3	Абай	-	1,4
Қызылорда	0,7	2,2	Жетісу	-	1,4
Астана қ.	0,7	2,1	Ақмола	0,7	1,3
Алматы қ.	0,6	1,9	Жамбыл	0,6	1,3
Батыс Қазақстан	0,5	1,7	Түркістан	0,7	1,1
Қарағанды	0,8	1,7	Атырау	0,5	1,0
Павлодар	0,9	1,7	Шығыс Қазақстан	0,9	1,0
Ақтөбе	0,7	1,6	Қостанай	0,7	0,8
Алматы	0,8	1,6	Ұлытау	-	0,8
Маңғыстау	0,6	1,5			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

<sup>1</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән